

## Жоғары, арнайы-орта, кәсіптік лицейлердің күндізгі оқу нысанында оқитындар үшін жеңілдіктермен жүруін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2006 жылғы 14 сәуірдегі № 232 шешімі. Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әділет басқармасында 2006 жылдың 28 сәуірде № 3-1-46 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 16 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 08.04.2016 № 16 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған кейін қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі № 581-ІІ "Қазақстан Республикасындағы жастар саясаты туралы" Заңының 6 бабының 4 тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-ІІ "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес Ақтөбе қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

**Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 25.04.2009 № 170 шешімімен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4 тармақтан қараңыз).**

1. 2006 жылдың 1 сәуірінен жоғары, арнайы-орта, кәсіптік лицейлердің күндізгі оқу нысанында оқитындар үшін қоғмдық көлікте жеңілдіктермен жүруі бекітілсін.

*Сессия төрағасы  
Мәслихат хатшысы*

*Б. Түйтебаев  
Х. Саркұлова*